

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ
КОСТАНАЙСКАЯ АКАДЕМИЯ
МИНИСТЕРСТВА ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ИМЕНИ ШРАКБЕКА КАБЫЛБАЕВА

ISSN 2306-451X

DOI:10.47450/2306-451X-2024-83-4



ҒЫЛЫМ НАУКА

4 (83) 2024

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ



Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы

ISSN 2306-451X
N4 (83) 2024 ж., желтоқсан
DOI: 10.47450/2306-451X-2024-83-4

ҒЫЛЫМ = НАУКА

Халықаралық ғылыми журнал
2002 жылғы наурыздан бастап шығады
Жарияланымдар тілі - қазақ, орыс, ағылшын

Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін
жариялауға арналған басылымдар тізіліміне
(ҚР БҒМ БҒСБК 11.02.2021 ж. №2 ҚБП бұйрығы),
«Ғылыми дәйексөздеудің ресейлік индексі» (РИНЦ)
Ресей библиографиялық деректер базасына,
Қазақстандық цитаталау базасына (ҚазБЦ) енгізілген

Бас редактор - Дәрменов А.Д., заң ғылымдарының кандидаты
Бас редактордың орынбасары - Жолдаскалиев С.М., заң ғылымдарының кандидаты

Редакциялық кеңес құрамы:

Айтуарова А.Б., з.ғ.к., Муканов М.Р. философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент),
Баргаринов А.Р. з.ғ.к., Смышляев А.С., философия докторы (PhD),
Қалқаманұлы Д., философия докторы (PhD), Акимжанов Е.С., з.ғ.к., Баргаринова А.А., з.ғ.к.,
Брылевский А.В., з.ғ.к., Кульжанова Г.Т., филос.ғ.к., доцент.

Редакциялық алқа құрамы:

Әбеуов Е.Т., заң ғылымдарының кандидаты, доцент (Астана қ.)
Әбіл Е.А., тарих ғылымдарының докторы, профессор (Астана қ.)
Әкімжанов Т.Қ., заң ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ.)
Алауханов Е.О., заң ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ.)
Борков В.Н., заң ғылымдарының докторы, доцент (РФ, Омбы қ.)
Джоробекова А.М., заң ғылымдарының докторы, профессор (Қырғыз Республикасы, Бішкек қ.)
Жалбуров Е.Т., заң ғылымдарының докторы, профессор (Шымкент қ.)
Ким Н.П., педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қолдыбаев С.А., философия ғылымдарының докторы, профессор
Панин Ю.И., заң ғылымдарының кандидаты, доцент (РФ, Псков қ.)
Сейтжанов О.Т., заң ғылымдарының кандидаты, доцент (Қарағанды қ.)
Сқақов А.Б., заң ғылымдарының докторы, профессор (Астана қ.)
Татарян В.Г., заң ғылымдарының докторы, профессор (РФ, Мәскеу қ.)
Шынарбаев Б.К., заң ғылымдарының докторы, доцент

Журнал 2015 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрлігінде тіркелді. N15156-Ж куәлік.
Алғашқы есепке алу уақыты мен нөмірі 2001 ж. 01.10, №2325-Ж.

Собственник:
**Костанайская академия
Министерства внутренних дел Республики Казахстан
имени Ширакбека Кабылбаева**

ISSN 2306-451X
N4 (83) 2024 г., декабрь
DOI: 10.47450/2306-451X-2024-83-4

ҒЫЛЫМ - НАУКА
Международный научный журнал
Издается с марта 2002 года
Язык публикаций - казахский, русский, английский

Включен в перечень изданий, рекомендованных для публикации
основных научных результатов научной деятельности по юридическим наукам
(приказ ККСОН МОН РК №2 ДСП от 11.02.2021 г.),
Российскую библиографическую базу данных
«Российский индекс научного цитирования» (РИНЦ),
Казахстанскую базу цитирования (КазБЦ)

Главный редактор - Дарменов А.Д., кандидат юридических наук
Заместитель главного редактора - Жолдаскалиев С.М., кандидат юридических наук

Состав редакционного совета:

Айтуарова А.Б., к.ю.н., Муканов М.Р. доктор философии (PhD), ассоциированный профессор (доцент),
Баргаринов А.Р. к.ю.н., Смышляев А.С., доктор философии (PhD),
Қалқаманұлы Д., доктор философии (PhD), Акимжанов Е.С., к.ю.н., Баргаринова А.А., к.ю.н.,
Брылевский А.В., к.ю.н., Кульжанова Г.Т., к.филос.н., доцент.

Состав редакционной коллегии:

Абеуов Е.Т., кандидат юридических наук, доцент (г. Астана)
Абиль Е.А., доктор исторических наук, профессор (г. Астана)
Акимжанов Т.К., доктор юридических наук, профессор (г. Алматы)
Алауханов Е.О., доктор юридических наук, профессор (г. Алматы)
Борков В.Н., доктор юридических наук, доцент (РФ, г. Омск)
Джоробекова А.М., доктор юридических наук, профессор (Кыргызская Республика, г. Бишкек)
Жалбуров Е.Т., доктор юридических наук, профессор (г. Шымкент)
Ким Н.П., доктор педагогических наук, профессор
Колдыбаев С.А., доктор философских наук, профессор
Панин Ю.И., кандидат юридических наук, доцент (РФ, г. Псков)
Сейтжанов О.Т., кандидат юридических наук, доцент (г. Караганда)
Скаков А.Б., доктор юридических наук, профессор (г. Астана)
Татарян В.Г., доктор юридических наук, профессор (РФ, г. Москва)
Шнарбаев Б.К., доктор юридических наук, доцент

Зарегистрирован в Министерстве по инвестициям и развитию
Республики Казахстан 12 марта 2015 г. Свидетельство №15156-Ж.
Время и номер первичной постановки на учет №2325-Ж от 01.10.2001 г.

МАЗМҰНЫ = СОДЕРЖАНИЕ

Памяти выдающегося учёного, педагога и наставника Игоря Викторовича Слепцова.....	4
---	---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ МЕН ЗАҢДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ = АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
И ПРИМЕНЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Абдирова Г.А., Жолдасов О.Ж. Терроризм и религиозный экстремизм на современном этапе.....	6
Адилгазы С., Таубаев Б.Р. Қонысбекова М.Р. Міндетті әлеуметтік сақтандыру функцияларын тиімді іске асырудың құқықтық негіздері.....	12
Алиминев А.А., Жолдасов О.Ж. О современных тенденциях динамики и структуры совершаемых подучетными казахстанской службы пробации повторных правонарушений в период пробационного контроля.....	17
Ахметжанова Н.Н., Дарменов А.Д. Применение цифровых технологий в расследовании уголовных правонарушений.....	25
Аюбаев М.А. Содержание понятий «экстремизм» и «терроризм»: варианты интерпретации в контексте уголовно-исполнительного права.....	30
Байғалиев Ә.Б., Талкибаев А.Б., Садықов М.Б. Әкімшілік айыппұлдарды құқық бұзушылықтың алдын алу құралы ретінде пайдаланудың тиімділігі.....	35
Баргаринов А.Р., Искаков А.К.* Противодействие киберпреступности в эпоху цифровизации: потребность в специализированных подразделениях и кадровом обучении.....	42
Баргаринова А.А., Ахметжанова Н.Н.*, Бачурин С.Н. Криминологическая характеристика преступности несовершеннолетних.....	49
Bishmanov K.M., Shidemov A.G., Muratzhan Z. Legal foundations for countering the financing of terrorist and extremist activities in the Republic of Kazakhstan.....	55
Дарменов А.Д., Байсеитова А.Т. Злобное неповиновение законным требованиям администрации учреждения уголовно-исполнительной системы: проблемы уголовной ответственности и меры предупреждения.....	62
Дарменов А.Д., Ескендинов А.А., Байсеитова А.Т. Вопросы доказывания по делам о преступлениях, совершенных по мотивам национальной, расовой и религиозной ненависти или вражды.....	69
Еланидзе Т., Крапивко С. К вопросу о введении уголовной ответственности за stalking в Республике Казахстан.....	75
Ещанов А.Ш., Жемпинисов Н.Ш., Сапаралиева С.М. О разграничении административного правонарушения, уголовного проступка и преступления по действующему законодательству Республики Казахстан.....	79
Жалбуров Е.Т. Қазақстан Республикасы азаматтарының қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысуын нормативтік-құқықтық жағынан реттеудің кейбір мәселелері.....	84
Жолумбаев М.К., Саламатов Е.А. О новых подходах к вопросу о юридической ответственности.....	90
Кусаинова А.К., Омарова А.Б., Маликова Ш.Б. О правовом статусе сети ресурсных модульных центров поддержки и реабилитации детей-жертв насилия.....	95
Күмісбеков С.К., Сейлханова С.А., Батырбаев А.К. Қазақстандағы жаппай тәртіпсіздіктердің тарихы, теориясы және тәжірибесі.....	102
Лакбаев К.С., Ханов Т.А. Перспективы развития информационных технологий, используемых в криминальной деятельности.....	108
Муқанов М.Р., Жолдасов О.Ж. Техничко-криминалистическое обеспечение раскрытия, расследования и предотвращения отдельных видов преступлений посредством использования подводного дрона.....	114
Оразалиев А.М. Оперативно-розыскное противодействие преступности, связанной с незаконным оборотом наркотиков.....	120
Садыбеков Б.М. Перспективы развития динамической безопасности в учреждениях уголовно-исполнительной системы.....	126
Сайтбеков А.М., Алимова Э.А., Усенова К.Р. Институт освобождения от уголовной ответственности и наказания в контексте развития уголовного законодательства Республики Казахстан.....	130
Тасқын Е.Т., Кобландин К.Ж., Бимолданов Е.М.* Перспективы развития поощрительного воздействия института выездов осужденных в уголовно-исполнительном законодательстве Республики Казахстан.....	136
Тасқын Е.Т., Кобландин К.Ж.*, Бимолданов Е.М. Сравнительный анализ состязательного начала в досудебном производстве уголовно-процессуального законодательства постсоветских государств.....	141

**ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ = ПРАВООХРАНИТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЗА
РУБЕЖОМ**

Елфимов П.В. Проблемы деятельности специалиста в уголовном судопроизводстве Российской Федерации.....	146
---	-----

ЖАС ҒАЛЫМ МІНБЕРІ = ТРИБУНА МОЛОДОГО УЧЕНОГО

Айтуарова А.Б., Баймуханов Е.М., Масакбаева К.К. Уголовно-правовые аспекты противодействия кибермошенничеству в Республике Казахстан.....	152
Бийназаров Д.Н., Исакова Б.Е., Муқанов М.Р. Маманның көмегімен және Гезелл айнасы арқылы кәмелетке толмағандардан жауап алу тактикасының ерекшеліктері.....	158
Ермеков Е.Р., Амангельдиев Д.А., Досаев Т.Б. Проблемы осуществления пробационного контроля за осужденными, отбывающими наказания в виде общественных работ, и пути их решения.....	165
Жекебаева С.Ж. К вопросу о современном состоянии расследования незаконного оборота драгоценных металлов и драгоценных камней, сырьевых товаров, содержащих драгоценные металлы.....	172
Жолдасқалиев С.М., Нуртаев С. Взаимодействие сотрудников полиции и судебных исполнителей при взыскании административных штрафов: проблемы и пути решения.....	178
Жуанышбаев Е.Ж. Особенности квалификации мелких хулиганских действий для привлечения к административной ответственности по законодательству Республики Казахстан.....	182
Қалқанманұлы Д., Рахметқали А.Т. Полиция қызметкерлерімен кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтардың алдын алуы: қазіргі жағдайы және даму болашағы.....	187
Мусин А.Б., Садыбеков Б.М. «Проактивный» подход и критерии оценки деятельности оперативных подразделений органов внутренних дел Республики Казахстан.....	192

Жарияланатын ғылыми мақалаларға қойылатын талаптар = Требования, предъявляемые к публикуемым статьям.....	198
--	-----

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАППАЙ ТӘРТІПСІЗДІКТЕРДІҢ ТАРИХЫ, ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕСІ**С.К. Күмісбеков**философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор
Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**С.А Сейлханова**

заң ғылымдарының кандидаты

А.К. Батырбаев

заң ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасы ИМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы

Аңдатпа. Мақалада Қылмыстық кодекстің 272-бабына сәйкес оның анықтамасын бере отырып, Қазақстан Республикасындағы жаппай тәртіпсіздіктердің қылмыстық-құқықтық сипаттамасына зерттеу жасалады. Авторлар мұндай қылмыстармен тиімді күресу үшін осы ұғымды дәл анықтаудың маңыздылығына назар аударады. Мақалада Қазақстандағы қылмыстық заңнаманың тарихи дамуына талдау және оны қазіргі нормативтік актімен салыстыру жүргізіледі. Авторлар осы проблеманың эволюциясын түсіну үшін Қазақстандағы жаппай тәртіпсіздіктерге қатысты заңнаманың дамуын тарихи талдауға жүгінеді. Зерттеу әдістеріне тарихи зерттеулер мен қылмыстық заңнаманы зерттеуге аналитикалық көзқарас және сот істерін эмпирикалық талдау кіреді. Авторлар Қазақстандағы жаппай тәртіпсіздіктер қылмыстарының табиғаты мен сипаты туралы жан-жақты түсінік алуға, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен соттардың алдында тұрған негізгі тенденциялар мен сын-қатерлерді анықтауға ұмтылады.

Сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамдық қатынастар мен құндылықтардың объектісі болып табылады. Бұл олардың қоғамдық қауіптілік деңгейін және оларды қылмыстық заңнамада топтастырудың негіздерін анықтайды. Бұл ұсыныс қылмыстық заңнаманың қоғамдағы тәртіпсіздіктерді бақылау мен оған қарсы тұрудағы рөлі мен маңыздылығын түсіну үшін нақты және ақпараттық негіз ұсынады. Заңда көрсетілген жаппай тәртіпсіздіктердің барлық белгілері оларды ұйымдастыруда және жасауда болады, бірақ қылмысты дұрыс саралау үшін одан әрі нақтылауды қажет етеді. Зерттеу негізінде авторлар олармен күресудің тиімділігін арттыруға, алдын алу шараларын қабылдауға және осы саладағы заңнаманы жақсартуға бағытталған «жаппай тәртіпсіздіктің» түсінігін ұсынады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан контекстіндегі жаппай тәртіпсіздік қылмыстарының ауқымы мен сипатын жақсы түсінуге және бағалауға, сондай-ақ осы құбылысқа қарсы іс-қимылды жақсарту және қылмыстық заңнаманы жетілдіру үшін практикалық ұсынымдар ұсынуға мүмкіндік береді. Зерттеу жаппай тәртіпсіздікке қарсы стратегияларды әзірлеуге және елдегі құқықтық тәртіпті жақсартуға айтарлықтай үлес қосады.

Түйін сөздер: жаппай тәртіпсіздіктер, қоғамдық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, қылмыстық құқық бұзушылық, өртеу, қирату, қарсылық, билік өкілі.

ИСТОРИЯ, ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА МАССОВЫХ БЕСПОРЯДКОВ В КАЗАХСТАНЕ**Кумисбеков С.К.**

доктор философии (PhD)

Карагандинская академия МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова

Сейлханова С.А.

кандидат юридических наук

Батырбаев А.К.

кандидат юридических наук

Алматинская академия МВД Республики Казахстан им. М.Есболатова

Аннотация. Статья представляет собой углубленное исследование уголовно-правовой характеристики массовых беспорядков в Республике Казахстан. Освещая их определение согласно статье 272 Уголовного кодекса, авторы обращают внимание на важность точного определения этого понятия для эффективной борьбы с такими преступлениями. В статье проводится анализ исторического развития уголовного законодательства в Казахстане и его сравнение с современным нормативным актом. Авторы обращаются к историческому анализу развития законодательства, касающегося массовых беспорядков в Казахстане, для понимания эволюции этой проблемы. Методы исследования включают аналитический подход к изучению исторических исследований и уголовного законодательства, а также эмпирический анализ судебных дел. Авторы стремятся получить всеобъемлющее представление о природе и характере преступлений массовых беспорядков в Казахстане, а также выявить основные тенденции и вызовы, с которыми сталкиваются правоохранительные органы и суды.

Также подчеркивается, что уголовные правонарушения являются объектом непосредственно направленных общественных отношений и ценностей, что определяет их уровень общественной опасности и основания для их группировки в уголовном законодательстве. Это предложение предоставляет четкую и информативную базу для понимания роли и значимости уголовного законодательства в контроле и противодействии массовым беспорядкам в обществе.

Отмечается, что все признаки массовых беспорядков, указанные в законе, присутствуют при их организации и совершении, но требуют дальнейшей конкретизации для правильной квалификации преступления. На основе проведенного исследования авторы предлагают определение массовых беспорядков, направленное на повышение эффективности борьбы с ними, принятия профилактических мер и улучшения законодательства в этой области.

Результаты исследования позволяют лучше понять и оценить масштаб и характер преступлений массовых беспорядков в контексте Казахстана, а также предложить практические рекомендации для улучшения противодействия этому явлению и совершенствования уголовного законодательства. Исследование представляет значимый вклад в разработку стратегий противодействия массовым беспорядкам и улучшение правопорядка в стране.

Ключевые слова: массовые беспорядки, общественная безопасность, общественный порядок, уголовное правонарушение, поджог, разрушение, сопротивление, представитель власти.

HISTORY, THEORY, AND PRACTICE OF MASS RIOTS IN KAZAKHSTAN

Kumisbekov S.K.

Doctor of Philosophy (PhD)

Karaganda academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov

Seilkhanova S.A.

Candidate of Juridical Sciences

Batyrbayev A.K.

Candidate of Juridical Sciences

Almaty Academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbolatov

Annotation. The article is an in-depth study of the criminal law characteristics of mass riots in the Republic of Kazakhstan, highlighting their definition in accordance with article 272 of the Criminal Code. The authors draw attention to the importance of an accurate definition of this concept in order to effectively combat such crimes. The article analyzes the historical development of criminal legislation in Kazakhstan and compares it with a modern regulatory act. The authors turn to the historical analysis of the development of legislation related to mass riots in Kazakhstan to understand the evolution of this problem. Research methods include an analytical approach to the study of historical research and criminal law, as well as an empirical analysis of court cases. The authors seek to gain a comprehensive understanding of the nature and nature of the crimes of mass riots in Kazakhstan, as well as to identify the main trends and challenges faced by law enforcement agencies and courts. It is also emphasized that criminal offenses are the object of directly directed public relations and values, which determines their level of public danger and the grounds for their grouping in criminal legislation. This proposal provides a clear and informative basis for understanding the role and importance of criminal legislation in controlling and countering mass riots in society. It is noted that all the signs of mass riots specified in the law are present during their organization and commission, but require further specification for the correct qualification of the crime. Based on the conducted research, the authors propose a definition of mass riots aimed at improving the effectiveness of combating them, taking preventive measures and improving legislation in this area. The results of the study make it possible to better understand and assess the scale and nature of the crimes of mass riots in the context of Kazakhstan, as well as to offer practical recommendations for improving counteraction to this phenomenon and improving criminal legislation. The study makes a significant contribution to the development of strategies to counter mass riots and improve law and order in the country.

Keywords: mass riots, public safety, public order, criminal offense, arson, destruction, resistance, government representative.

Кіріспе

Жаппай тәртіпсіздіктер сияқты жағымсыз әлеуметтік құбылыс қоғам пайда болған сәттен бастап бар. Қазіргі уақытта оған халықаралық деңгейде үлкен көңіл бөлініп отыр. Мемлекет қоғамдық тәртіпті сақтауға, адамдардың тыныштығын, олардың заңды мүдделері мен құқықтарының бұзылмауына ерекше мән береді [1, б. 271]. Қазақстанда тұрып жатқан әрбір азамат жеке қауіпсіздігін, мүлкінің және өз құқықтары мен бостандықтарын қорғалуын толық сезінгісі келеді [2, б. 66]. Ал жаппай тәртіпсіздіктер қоғамдық қауіпсіздікке және мемлекеттің басқару беделіне нұқсан келтіреді. Жаппай тәртіпсіздік сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігі көп адамдардың жаппай қатысуымен жасалатындығында жатыр. Жаппай тәртіпсіздіктердің нәтижесінде көп адамдар зардап шегеді, орасан зор материалдық зиян келтіріледі және мемлекеттік басқару органдарының қызметіне кедергі жасалады.

Зерттеудің әдісі. Зерттеу жұмысында жаппай тәртіпсіздікке қатысты заңнаманың даму тарихын зерттеу, монографиялық әдебиеттерді талдау, қаңтар оқиғасына байланысты соттың тәжірибесінен қылмыстық істерді зерделеу және жаппай тәртіпсіздікке қатысты ғалымдардың анықтамаларын зерделеу әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

Жаппай тәртіпсіздіктің даму тарихына шолу жасайтын болсақ, Қазақстан тарихында 1922 жылғы Қылмыстық кодекс қабылданғаннан кейін алғаш рет жаппай тәртіпсіздікке қатысты норма пайда болады. Осы Қылмыстық кодекс қабылданғанға дейін жаппай тәртіпсіздікпен күресті сот «революциялық құқықтық сана негізінде» жүргізді. 1922 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінде бірінші рет жаппай тәртіпсіздікке қатысқаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін норма 75-бап пайда болды. Бұл бапта жаппай тәртіпсіздікке ауырлататын мән-жайлар болғанда қатысқаны үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылды. Жаппай тәртіпсіздіктің ауырлататын мән-жайларына қаруды қолданып адам өлтіру, дүние мүлікті өртеу, адамға дене жарақатын салу, әйел адамды зорлау және билікке қатысты қарулы қарсылық көрсету жатқызылды. Жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырушыларға, жаппай тәртіпсіздікке басшылық еткендерге, арандатушыларға және жаппай тәртіпсіздікке қатысып адам өлтіргендерге, дүние мүлікті өртегендерге, адамға дене жарақатын салғандарға, әйел адамды зорлағандарға және билікке қатысты қарулы қарсылық көрсеткендерге ерекше ауыр жаза өлім жазасымен қатар қосымша жаза мүлкін тәркілеу қолданылатын болған. Ауырлататын мән-жайларда әрекет етпеген өзге қарулы қатысушыларға мүлкін толық тәркілеу немесе жартылай тәркілеу арқылы немесе тәркілеусіз қатаң екі жылдан кем емес бас бостандығынан айыру жазасы қолданылатын болған [3].

1922 жылғы Қылмыстық кодекстің 77-бабының 1-тармағында жаппай тәртіпсіздікті жасауға арандатушыларға, басшылар мен ұйымдастырушыларға қатысты ауырлататын мән-жайларсыз жауаптылық қарастырылған. Осы қатысушыларға қатысты екі жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көрсетілген. Қылмыстық кодекстің 77-бабының 2-тармағында басқа қатысушыларға, орындаушыларға, көмектесушілерге, жасырушыларға қатысты бас бостандығынан айыру жазасы алты айдан кем емес мерзімге тарту түріндегі жазасы қарастырылған. Қылмыстық кодекстің 83-бабының диспозициясында жаппай тәртіпсіздікке шақырып үгіт-насихат жүргізгені

үшін қылмыстық жауаптылық қастырылған.

1922 жылғы Қылмыстық кодексте жаппай тәртіпсіздікке қатысушылардың қарулы немесе қарусыз қатысуын, ұйымдастырушыларды, және басқа да қатысушылардың қауіптілігіне жеке дара қылмыстық баға берілген. 1922 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінде жаппай тәртіпсіздік жасауға үгіт-насихат жүргізу әрекеті ұлттық араздықты немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған әрекеттермен қосылып бір бапта қарастыратын болған және бас бостандығынан айыру жазасы бір жылдан кем емес мерзімге тағайындалған. Сонымен заң шығарушы жаппай тәртіпсіздік жасауға шақыру ұлттық алауыздыққа негізделген ниетпен тығыз байланысты болғанын білдіреді.

1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексі жаппай тәртіпсіздікке қатысты баптарын 1922 жылғы Кодекстің тиісті баптарының мазмұнына ұқсас болды. 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексі жаппай тәртіпсіздікке қатысты нормалары 1922 жылғы Қылмыстық кодекстің нормаларының санкцияларына қарағанда жеңілдеу болды.

Сол кездегі жаппай тәртіпсіздікке әсер еткен нормативтік акт 1927 жылғы «Мемлекеттік қылмыстар туралы» ереже болды. Осы ереженің 16-бабында жаппай тәртіпсіздікке қатысты жауаптылық қарастылды. Жаппай тәртіпсіздік Кеңес Одағының қылмыстық заңында мемлекетінің басқару тәртібіне қарсы аса қауіпті қылмыстар тарауынан орын алды. Жаппай тәртіпсіздік қылмыстық құқық бұзушылығы контрреволюцияға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық болып есептелмеді. Жаппай тәртіпсіздік жасауға үгіт-насихат үшін қылмыстық жауаптылық алынып тасталды. Оның сараланған белгісі қарулану алынып тасталды. Осы ереженің 16-бабының 1-бөлігі жою, бүлдіру, қирату, темір жолдардың немесе басқа да байланыс құралдарын бұзу, адам өлтірумен, өртеумен және басқа да осындай әрекеттермен қатар жүретін жаппай тәртіпсіздіктер үшін жауаптылықты қарастырды.

Сол кездегі жаппай тәртіпсіздікке қатысты қылмыстық жауаптылық туралы қылмыстық заңнамаға елеулі өзгерістер енгізген нормативтік актіге жататын Кеңес Одағының 1958 жылғы «Мемлекеттік қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық туралы» заңы болып табылады. Соған сәйкес ұйымдастырушы және орындаушы ретінде болмаған жаппай тәртіпсіздікке қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы алынып тасталды; жаппай тәртіпсіздікке қатысушылардың барлық түрлеріне қатысты екі жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі бірдей мерзімегі жаза қарастырылды; басқа да қатысушылардың қылмыстық жауаптылығын қарастыратын 1927 жылғы Ереженің 16-бабының 2-тармағы алынып тасталды. Сонымен жаппай тәртіпсіздікке қатысу үшін жауаптылық қылмыстық заңның жалпы қатысу нормаларына сәйкес шешілетін болды.

Жаппай тәртіпсіздікті саралауда пайда болатын белгілі бір қиындықтар осы мәселенің күрделі екендігінің дәлелі ретінде бола алады. Қоғамның әлеуметтік өмірінде «митинг», «ереуіл», «демонстрация», «аштық жариялау», «аудандарды бұғаттау», «топтардың қақтығысы», «пикет жасау», «қоғамдық тәртіпті топ болып бұзу» сияқты құбылыстар пайда болады.

Жаппай тәртіпсіздік - бұл қоғамдық тәртіпті бұзуды көздейтін көптеген адамдардың топ болып жасаған әрекеттері, билікке наразылық білдіру, халықтың толқулары. Бірақта «жаппай тәртіпсіздік» туралы құқықтық түсінікті білу үшін бұл ақпараттар жеткіліксіз болады. Көп адамдар жиналып халық болып жасаған әрекеттердің барлығы билікке наразылық көрсетсе де қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды. Бұл түсініктердің барлығы белгілі бір деңгейде қоғамдық тәртіпті сақтайтын және белгілі бір талаптарды белгілейтін белгілі бір нормалармен байланысты, мысалы ондай нормаларға митинг, демонстрация, пикет және ереуіл өткізетін нормалармен байланысты болады.

Бұл әрекеттерді жасағандардың барлығын қылмыстық жауаптылыққа тартып қылмыстық жаза тағайындау мүмкін емес, себебі Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 10-бабының 2-бөлігінде көрсетілген негіздері бойынша қылмыстық жазаға тарту мүмкін болады: «осы кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған, кінәлі түрде жасалған қоғамдық қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады» делінген.

Е.И. Қайыржанов пікірі бойынша, қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігін екі жолмен, яғни формальды түрде қылмыстық-құқықтық тыйым салу түрінде немесе материалдық түрде оның мазмұны тұрғысынан анықтаған дұрыс болады [4, б. 44].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың формальды анықтамасында заңмен тыйым салынған адамның белгілі бір әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады. Бірақта осындай берілген қылмыстық құқық бұзушылықтың анықтамасы қылмыстық мінез-құлықтың мазмұнын ашпайды, бұл анықтамада заң шығарушы неге осындай әрекетке тыйым салады, неге осындай әрекет қылмыстық құқық бұзушылық деп саналады деген сұраққа жауап бермейді. Қылмыстық құқық бұзушылықтың материалдық анықтамасы ғана осы сұрақтарға жауап беруге талпыныс жасайды. Бұл жерде қылмыстық құқық бұзушылықтың сапасы ғана оның қоғамдық қауіптілігін көрсетеді.

Осыған байланысты «жаппай тәртіпсіздік» ұғымы ретінде жиі қолданылатын жоғарыда көрсетілген санаттардың барлығы қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылмайды. Құқық қорғау органдары қоғамға қауіп төндіретін болса да, бірақ ондай әрекеттер қылмыстық кодекстің ерекше бабында қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылмаған болса, онда ондай әрекеттерді жасаған адамды өз қалауы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарта алмайды. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілігі әр түрлі болады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігі қалыптасқан элементтердің мазмұнымен анықталады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілігінің маңызды белгісіне жататын қылмыстық құқық бұзушылық тікелей бағытталған қоғамдық қатынастар мен құндылықтардың маңыздылығы, яғни қылмыстық құқық бұзушылық объектісі болады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігінің деңгейінің сипатын анықтайды және оларды қылмыстық заңнамада топтауға негіз болады.

Қылмыстық-құқықтық нормаларға жаппай тәртіпсіздік, қоғамдық тәртіпті топ болып бұзатын іс-әрекеттерді

ұйымдастыру немесе белсенді қатысу, жиналысты, митингілерді, шерулер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін бұзу, жолдар мен көлік құралдарын зақымдау үшін қылмыстық жауаптылықты қарастыратын нормалар жатады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 272-бабының мазмұнынан шығатын, кез келген «жаппай тәртіпсіздік» қылмыстық құқық бұзушылық болып саналмайды, тек ол әрекеттер қылмыстық іс-әрекетпен ұштасқан жағдайда ғана қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады.

Соған мысал ретінде 2022 жылы қаңтар айында болған жаппай тәртіпсіздікке қатысты мысал келтірейік:

А., С. және Н., 2022 жылғы 5 қаңтарда сағат 22.00-де Түркістан облысы, Төлеби ауданынан Шымкент қаласына келіп, Шымкент қаласының аумағында орын алып жатқан жаппай тәртіпсіздіктің орын алғанын естіп, жаппай тәртіпсіздікке қатысу үшін үшеуі С. басқаруындағы «ВАЗ 21014» автокөлігімен Шымкент қаласы, Бәйтерек көшесінің бойындағы №3 қалалық емхананың алдына келіп, адамдар тобына қосылып, Шымкент қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №10 үй мекен-жайында орналасқан Шымкент қаласының әкімшілігінің алдына келген. Онда алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы болып үшеуі күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, сондай-ақ билік өкіліне қарсылық көрсетумен ұласқан жаппай тәртіпсіздік іс-әрекеттеріне қатысқан.

Басты сот талқылауында сотталушылар кінәсін толығымен мойындап, келесідей жауап берген. А., 2022 жылғы 5 қаңтарда кешкі сағат 22.00-дер шамасында үшеуі қалада С. басқаруындағы «ВАЗ 21014» автокөлігімен Түркістан облысы, Төлеби ауданынан Шымкент қаласына келе жатқанда, жолдан бейтаныс азаматтар тоқтатып, оларға «Нұрсат» мөлтек ауданында орналасқан әкімшіліктің алдында көтеріліс болып жатқанын айтып, сонда баруды айтқан. Үшеуі айтқандарына келісіп, әкімшіліктің алдына барып, жаппай тәртіпсіздікке қатысқан. Онда көтерісшілерге қосылып, айқайлап жүріп, оқиғаның барлығын ұялы телефондарына түсірген. Көтерісшілер әкімшіліктің ғимаратына кірген, полиция қызметкерлеріне қатысты күш қолданған, олардың автокөліктерін аударып, сындыра бастаған, өртеген, ғимараттарды бүлдіру іс-әрекеттерін жасаған. Кейін үшеуі ауылдарына қайтқан. Келесі күні, 2022 жылғы 6 қаңтарда, кешкі сағат 20.00-де қалаға қайта келгендерінде үшеуін полиция өкілдері ұстаған. Өздеріне тағылған айыпты толық мойындайтынын, қылмыс оқиғасы күні жаппай тәртіпсіздікке қатысқанына шынайы өкініш білдіретінін көрсетіп, бас бостандығынан айырмайтын жеңіл жаза тағайындауды сұрады.

А. Қылмыстық кодекстің 272-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

С. Қылмыстық кодекстің 272-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Н. Қылмыстық кодекстің 272-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

ҚК-нің 63-бабының 1-бөлігіне сәйкес, А., С., Н. тағайындалған жаза шартты деп саналды. А., С., Н. тағайындалған жазаның барлық мерзіміне пробациялық бақылау белгіленген [5].

Жаппай тәртіпсіздікке қатысты қылмыстық заңнаманы және сот тәжірибесін талдау жаппай тәртіпсіздіктің мемлекеттік билік органдарының қызметіне қол сұғатынын, көптеген адамдардың жаппай дөрекі және қауіпті жаппай тәртіпсіздік жасайтынын, өртеу, қирату, бүлдіру және билік органдардың қызметіне іріткі салатынын көруімізге болады. Бұл жерде жеке азаматтардың билік немесе басқару органдарының қызметіне қол сұғуы басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды құратындығын байқауымызға болады. Қол сұғушылық билік өкілін өмірінен айыруға бағытталған белсенді әрекеттер түріндегі әрекет болуы керек [6, б. 106].

Жаппай тәртіпсіздіктің басқа қылмыстардан ерекшелігі - қылмысты жасауға көптеген адамдар қатысады. Уақыт өткен сайын қатысатын адамдардың саны мен ауқымы өседі және соның салдарынан көп адамдармен келтірілген зиянның мөлшері арта береді. Осындай жағдайда жаппай тәртіпсіздік жасауда жаппай тәртіпсіздікке қатысқан адамдардың жазаға тартылмайтындығы туралы сенім пайда болады. Жаппай тәртіпсіздік туралы тәжірибе көрсеткендей жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырған және басшылық жасаған адамдарды анықтау өте қиын болады. Жалпы тәртіпсіздік үшін жауаптылыққа жай ғана мүшелері немесе кездейсоқ адамдар тартылады, ал ұйымдастырушылар мен басшылары тәртіпсіздік орын алған жерлерге келмеуі де мүмкін. Сонымен тәжірибе көрсеткендей кейде жауаптылыққа жаппай тәртіпсіздікке ешқандай қатысы жоқ кездейсоқ адамдарда тартылады.

1959 жылғы Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 65-бабы жаппай тәртіпсіздікке келесідей анықтама берген: «қиратулармен, өрттермен және басқа да осындай әрекеттермен бірге жүретін жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастыру, сол сияқты олардың қатысушыларының жоғарыда аталған қылмыстарды тікелей жасауы немесе олардың билікке қарулы қарсылық көрсету» [7]. Жаппай тәртіпсіздік 1959 жылғы Қылмыстық кодекстің «Мемлекеттік қылмыстар» атты тарауына орналастырылды.

1996 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «жаппай тәртіпсіздік» түсінігі былай берілді: «241-бап. Жаппай тәртіпсіздік.

1. Зорлық-зомбылықпен, қиратумен, жойылумен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш құрылғыларды қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен қатар жүретін жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастыру».

Жаппай тәртіпсіздік 1996 жылғы Қылмыстық кодекстің «Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар» тарауына орналасты.

2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «Жаппай тәртіпсіздік» түсінігі келесі редакцияда берілді:

«272-бап. Жаппай тәртіпсіздік

1. Күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан, оның ішінде шетелдік көздерден алынған қаражатты пайдалана отырып жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру».

Жаппай тәртіпсіздік 2014 жылғы Қылмыстық кодекстің «Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» атты 10 тарауына жатқызылды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 11-бабының 4-бөлігіне сәйкес «жаппай тәртіпсіздік» ауырлататын мән-жайларда ауыр қылмыстар санатына жатқызылған.

Жаппай тәртіпсіздікке қарсы қылмыстық жауаптылықты АҚШ қылмыстық заңынан байқауымызға болады. АҚШ-тың федералдық заңы жаппай тәртіпсіздіктерге қарсы айыппұл және бес жылға дейінгі түрмеге қамауды қарастырады және келесі әрекеттер үшін жауаптылықты қарастырады: 1) тәртіпсіздіктерді жасауға айдап салу; 2) ұйымдастыру, жәрдемдесу, қолдау, тәртіпсіздіктерге қатысу немесе тәртіпсіздіктерді жалғастыру; 3) тәртіпсіздіктерді қолдау үшін кез келген зорлық-зомбылық әрекеттерді жасау немесе 4) осындай әрекет жасайтын адамға көмектесу немесе арандату [8]. АҚШ-тың жаппай тәртіпсіздікке қатысты заңнамасында қару қолдану әрекеттері қарастырылмағанын көруімізге болады.

Қорытынды

Жаппай тәртіпсіздіктер жан-жақты талдауды қажет ететін күрделі әлеуметтік құбылыс. Өйткені ешқандай мемлекет толық қанды жаппай тәртіпсіздіктерден қорғалмаған. Жаппай тәртіпсіздіктер жағдайды едәуір қиындататын және қоғамға айтарлықтай қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың қатарына жатады. Олар қоғамның тыныштығын бұзады және қоғамдық резонанс тудырады. Тәртіпсіздіктерге қатысушылар билік өкілдерінің беделіне нұқсан келтіруге және олардың әрекеттерінің заңдылығына күмән келтіруге тырысады.

Жаппай тәртіпсіздіктердің қоғамдық қауіптілігі жоғары болғандықтан, оған қарсы тиімді іс-қимыл шараларын әзірлеуді және үнемі жетілдіруді қажет етеді. Ең алдымен осы қылмыстардың алдын алуда жасырын ұйымдасқан сипатын ескеруі керек.

Жоғарыда көрсетілгендерді назарға ала отырып, біз «жаппай тәртіпсіздікке» келесідей анықтама береміз: «Жаппай тәртіпсіздік - бұл күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне және қоғамдық тәртіпті сақтауда қоғамдық борышын атқарып жүрген азаматтарға қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан, оның ішінде шетелдік көздерден алынған қаражатты пайдалана отырып қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпке наразылық білдіретін көптеген адамдардың жаппай қатысуымен жасаған әрекет».

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Ерекше бөлік: оқулық. - Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 608 б.

2 Галым Ф.Г., Саханова Н.Т. Обеспечение общественной безопасности в Республике Казахстан: проблемы профилактики отдельных видов уголовных правонарушений, совершаемых в общественных местах // Ылым – Наука. – 2023. - №3 (78). - С. 65-72. DOI: 10.47450/2306-451X-2023-78-3-65-72.

3 Уголовный Кодекс РСФСР от 01 июня 1922 года // <https://docs.cntd.ru/document/901757375> // (дата обращения: 19.02.2024).

4 Каиржанов Е. Уголовное право Республики Казахстан Общая часть. Изд. 2-ое, доп. - Алматы: КИЦ, 1998. - 480 с.

5 Шымкент қаласының Еңбекші аудандық соты үкімінің көшірмесі. 2022 жылғы 17 маусым. №5212-22-00-1/150 іс.

6 Кудешов Р.А., Байсеитова А.Т., Конысбай Б. Некоторые особенности объективной стороны посягательства на жизнь и здоровье представителей власти и их близких // Ученые труды Алматинской академии МВД Республики Казахстан. – 2023. - №1 (74). – С.106-110.

7 Уголовный кодекс Казахской ССР от 22 июля 1959 года // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1004273 (дата обращения: 19.02.2024).

8 Federal Criminal Laws Applicable to Rioting, Property Destruction, and Related Conduct // <https://docs.yandex.ru/docs/view?tm=1708355778&> (дата обращения: 19.02.2024).

REFERENCES

1 Agybayev A.N. Kylmystyk kukyk: Yerekshe bolik: okulyk. - Almaty: Zheti Zharǵy, 2015. – 608 b.

2 Galym F.G., Sakhanova N.T. Obespecheniye obshchestvennoy bezopasnosti v Respublike Kazakhstan: problemy profilaktiki otchel'nykh vidov ugovolnykh pravonarusheniy, sovershayemykh v obshchestvennykh mestakh // Ылым – Наука. – 2023. - №3 (78). - S. 65-72. DOI: 10.47450/2306-451KH-2023-78-3-65-72.

3 Ugolovnyy Kodeks RSFSR ot 01 iyunya 1922 goda // <https://docs.cntd.ru/document/901757375> // (data obrashcheniya: 19.02.2024).

4 Kairzhanov Ye. Ugolovnoye pravo Respubliki Kazakhstan Obshaya chast'. Izd. 2-oye, dop. - Almaty: KITS, 1998. - 480 s.

5 Shymkent kalasynyn Yenbekshi audandyk soty ukiminin koshirmesi. 2022 zhylygy 17 mausym. №5212-22-00-1/150 is.

6 Kudeshov R.A., Bayseitova A.T., Konysbay B. Nekotoryye osobennosti obyektivnoy storony posyagatel'stva

na zhizni zdorov'ye predstaviteley vlasti i ikh blizkikh // Uchenyye trudy Almatinskoy akademii MVD Respubliki Kazakhstan. – 2023. - №1 (74). – S. 106-110.

7 Ugolovnyy kodeks Kazakhskoy SSR ot 22 iyulya 1959 goda // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1004273 (data obrashcheniya: 19.02.2024).

8 Federal Criminal Laws Applicable to Rioting, Property Destruction, and Related Conduct. // <https://docs.yandex.ru/docs/view?tm=1708355778&> (data obrashcheniya: 19.02.2024).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Серікқазы Күмісбекұлы Күмісбеков – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры. Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Ермеков к-сі, 124. E-mail: skumisbekov@mail.ru.

Саида Айдарбековна Сейлханова – заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, полиция полковнигі. Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Өтепов к-сі, 29. E-mail: saida_7878@mail.ru.

Адылхан Кошкенович Батырбаев - заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры. Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Өтепов к-сі, 29. E-mail: adylhan_batyrbaev@mail.ru.

Кумисбеков Серикқазы Кумисбекұлы – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, профессор кафедры административно-правовых дисциплин Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова. Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Ермекова, 124. E-mail: skumisbekov@mail.ru.

Сейлханова Саида Айдарбековна – кандидат юридических наук, начальник кафедры уголовного права и криминологии Алматинской академии МВД Республики Казахстан им. М. Есбулатова, полковник полиции. Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Утепова, 29. E-mail: saida_7878@mail.ru.

Батырбаев Адылхан Кошкенович – кандидат юридических наук, профессор кафедры уголовного права и криминологии Алматинской академии им. М. Есбулатова. Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Утепова, 29. E-mail: adylhan_batyrbaev@mail.ru.

Serikkazy Kumisbekov – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, Professor of the Department of Administrative and Legal Disciplines of the Karaganda Academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov. Republic of Kazakhstan, Karaganda, Yermekov str., 124. E-mail: skumisbekov@mail.ru.

Saida Seilkhanova – Candidate of Juridical Sciences, Head of the Department of criminal law and criminology of the Almaty Academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after M.Esbolatov, police colonel. Republic of Kazakhstan, Almaty, Uteпов str., 29. E-mail: saida_7878@mail.ru.

Adylkhan Batyrbayev – Candidate of Juridical Sciences, Professor of the Department of criminal law and criminology of the Almaty Academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbolatov. Republic of Kazakhstan, Almaty, Uteпов str., 29. E-mail: adylhan_batyrbaev@mail.ru.

Журналдың шығу мерзімділігі - үш айда бір рет.
«Ғылым» журналына жазылу индексі – 75383.
«Қазпошта» АҚ пошталық байланысының кез келген бөлімінде
жазылуға болады.

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Редакцияға келіп түскен материалдар авторға қайтарылмайды.
Тапсырылған материалдар үшін автор жауапты.
Мақала көшірмелері берілмейді, авторларға қаламақы төленбейді.
Материалдарды қайта басу кезінде журналға сілтеме жасау шарт.

Периодичность выпуска журнала - один раз в три месяца.
Подписной индекс журнала «Ғылым» – 75383.
Подписку можно произвести в любом почтовом отделении
АО «Казпочта».

Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции.
Рукописи авторам не возвращаются.
За достоверность предоставленных материалов
ответственность несет автор.

Оттиски статей не выдаются, гонорар авторам не выплачивается.
При перепечатке материалов ссылка на журнал обязательна.

**Журнал ҚР ҒИМ Ш. Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының ғылыми-зерттеу және
редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру
бөлімінде теріліп, беттелді**

Редактор:
Кайралапова Г.С.
Компьютерде беттеу: Довгань О.В.

Басуға 2024 ж. 11.12 берілді.
Пішімі 60x84¹/₈. Ризографиялық басылыс.
Көлемі 25 б.т. Таралымы 200 д.
2024 ж. желтоқсан. №11706

«Костанайский печатный двор»
ЖШС басылған
Қостанай қ., Темирбаев к., 39
тел./факс 8 (7142) 53-54-60

© ҚР ҒИМ Ш. Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы

**Журнал набран и сверстан в отделе
организации научно-исследовательской и
редакционно-издательской работы Костанайской
академии МВД РК им. Ш. Кабылбаева**

Редактор:
Кайралапова Г.С.
Компьютерная верстка: Довгань О.В.

Подписано в печать 11.12.2024 г.
Формат 60x84¹/₈. Печать ризография.
Объем 25 п.л. Тираж 200 экз.
Декабрь 2024 г. Заказ №11706

Отпечатано в ТОО
«Костанайский печатный двор»
г. Костанай, ул. Темирбаева, 39
тел./факс 8 (7142) 53-54-60

© Костанайская академия МВД РК
им. Ш. Кабылбаева



2025 жылға жазылыңыздар
Индексі: 75383